

Қостанай облысының облыстық бюджеті және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 262 шешімі

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 45-бабы 4-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемдері:

1) Аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен облыстық бюджетке 2023 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 72 008 075,0 мың теңге, оның ішінде:

Бейімбет Майлин ауданынан – 1 295 788,0 мың теңге;

Жітіқара ауданынан – 921 395,0 мың теңге;

Қарасу ауданынан – 199 947,0 мың теңге;

Қостанай ауданынан – 3 153 664,0 мың теңге;

Федоров ауданынан – 393 101,0 мың теңге;

Қостанай қаласынан – 39 622 337,0 мың теңге;

Лисаков қаласынан – 2 111 442,0 мың теңге;

Рудный қаласынан – 24 310 401,0 мың теңге;

2) аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен облыстық бюджетке 2024 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 86 356 764,0 мың теңге, оның ішінде:

Бейімбет Майлин ауданынан – 1 761 926,0 мың теңге;

Жітіқара ауданынан – 1 449 058,0 мың теңге;

Қарабалық ауданынан – 168 757,0 мың теңге;

Қарасу ауданынан – 292 618,0 мың теңге;

Қостанай ауданынан – 4 121 175,0 мың теңге;

Федоров ауданынан – 769 953,0 мың теңге;

Қостанай қаласынан – 48 435 674,0 мың теңге;

Лисаков қаласынан – 2 687 720,0 мың теңге;

Рудный қаласынан – 26 669 883,0 мың теңге;

3) аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен облыстық бюджетке 2025 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 99 841 156,0 мың теңге, оның ішінде:

Бейімбет Майлин ауданынан – 1 899 590,0 мың теңге;

Жітіқара ауданынан – 1 834 837,0 мың теңге;
Қарабалық ауданынан – 216 095,0 мың теңге;
Қарасу ауданынан – 346 529,0 мың теңге;
Қостанай ауданынан – 4 616 277,0 мың теңге;
Федоров ауданынан – 897 780,0 мың теңге;
Қостанай қаласынан – 56 306 386,0 мың теңге;
Лисаков қаласынан – 3 448 738,0 мың теңге;
Рудный қаласынан – 30 274 924,0 мың теңге сомасында белгіленсін.

2. Облыстық бюджеттен аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар көлемдері:

1) облыстық бюджеттен аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін 2023 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 7 060 920,0 мың теңге, оның ішінде:

Алтынсарин ауданына – 301 213,0 мың теңге;
Амангелді ауданына – 641 609,0 мың теңге;
Әулікөл ауданына – 558 266,0 мың теңге;
Денисов ауданына – 268 749,0 мың теңге;
Жангелдин ауданына – 1 471 033,0 мың теңге;
Қамысты ауданына – 266 528,0 мың теңге;
Қарабалық ауданына – 65 420,0 мың теңге;
Меңдіқара ауданына – 199 423,0 мың теңге;
Науырзым ауданына – 1 136 438,0 мың теңге;
Сарыкөл ауданына – 418 439,0 мың теңге;
Ұзынкөл ауданына – 396 105,0 мың теңге;
Арқалық қаласына – 1 337 697,0 мың теңге;

2) облыстық бюджеттен аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 4 429 813,0 мың теңге, оның ішінде:

Алтынсарин ауданына – 209 133,0 мың теңге;
Амангелді ауданына – 609 292,0 мың теңге;
Әулікөл ауданына – 232 441,0 мың теңге;
Денисов ауданына – 222 212,0 мың теңге;
Жангелдин ауданына – 1 041 558,0 мың теңге;
Қамысты ауданына – 115 602,0 мың теңге;
Меңдіқара ауданына – 105 322,0 мың теңге;
Науырзым ауданына – 816 329,0 мың теңге;
Сарыкөл ауданына – 356 939,0 мың теңге;
Ұзынкөл ауданына – 166 907,0 мың теңге;
Арқалық қаласына – 554 078,0 мың теңге;

3) облыстық бюджеттен аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін 2025 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 4 607 839,0 мың теңге, оның ішінде:

Алтынсарин ауданына – 210 874,0 мың теңге;

Амангелді ауданына – 667 271,0 мың теңге;

Әуликөл ауданына – 223 900,0 мың теңге;

Денисов ауданына – 227 504,0 мың теңге;

Жангелдин ауданына – 1 140 040,0 мың теңге;

Қамысты ауданына – 112 073,0 мың теңге;

Меңдіқара ауданына – 200 994,0 мың теңге;

Науырзым ауданына – 878 670,0 мың теңге;

Сарыкөл ауданына – 386 614,0 мың теңге;

Ұзынкөл ауданына – 70 181,0 мың теңге;

Арқалық қаласына – 489 718,0 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. Облыстық бюджетте салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бюджет қаражатының ең төменгі көлемі ескерілсін, оның ішінде:

2023 жылға – 31 253,0 мың теңге;

2024 жылға – 31 253,0 мың теңге;

2025 жылға – 31 253,0 мың теңге.

4. Облыстық бюджетте вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға бағытталған бюджет қаражатының ең төменгі көлемі ескерілсін, оның ішінде:

2023 жылға – 858 446,0 мың теңге;

2024 жылға – 1 176 773,0 мың теңге;

2025 жылға – 1 176 773,0 мың теңге.

5. Облыстық бюджетте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық-емханалық көмек және стационарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығындарды жүзеге асыруға бағытталған бюджет қаражатының ең төменгі көлемі ескерілсін, барлығы:

2023 жылға – 5 331 438,0 мың теңге;

2024 жылға – 5 332 088,0 мың теңге;

2025 жылға – 5 327 426,0 мың теңге, оның ішінде:

стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін медициналық техника сатып алу:

2023 жылға – 2 609 150,0 мың теңге;

2024 жылға – 2 609 800,0 мың теңге;

2025 жылға – 2 605 138,0 мың теңге;

"Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасы шеңберінде аудандық ауруханаларды, сондай-ақ перзентханаларды, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерін, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттерін, дәрігерлік амбулаторияларды заманауи компьютерлік томографтармен, рентген-аппараттармен жарактандыру:

2023 жылға – 1 455 706,0 мың теңге;

2024 жылға – 1 455 706,0 мың теңге;

2025 жылға – 1 455 706,0 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізу:

2023 жылға – 1 266 582,0 мың теңге;

2024 жылға – 1 266 582,0 мың теңге;

2025 жылға – 1 266 582,0 мың теңге.

6. Облыстық бюджетте облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге бағытталған бюджет қаражатының ең төменгі көлемі ескерілсін, барлығы:

2023 жылға – 26 015 239,0 мың теңге;

2024 жылға – 24 225 752,0 мың теңге;

2025 жылға – 23 932 328,0 мың теңге, оның ішінде:

облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге:

2023 жылға – 19 937 114,0 мың теңге;

2024 жылға – 20 049 175,0 мың теңге;

2025 жылға – 20 049 175,0 мың теңге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге:

2023 жылға – 6 078 125,0 мың теңге;

2024 жылға – 4 176 577,0 мың теңге;

2025 жылға – 3 883 153,0 мың теңге;

7. Облыстық бюджетте "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджет қаражатының ең төменгі көлемі ескерілсін, оның ішінде:

2023 жылға – 1 927 625,0 мың теңге;

2024 жылға – 1 927 625,0 мың теңге;

2025 жылға – 1 927 625,0 мың теңге.

8. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы

_____ Г. Мұсағазина
2022 жылы 14 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК